

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ОРНЫ

The article is devoted to the study of the problem of historical development of the Kazakh language, subethnic processes of forming the Kazakh ethnos, the position and significance of the Kazakh language in the Turkic languages system. The question of clarifying the level of integrity of monosyllabic roots in the Old Turkic written monuments and in the Modern Kazakh language is the main question and on the base of which the conclusion about the nature of the Kazakh language as the Modern language is made. The main criteria is the existence of combinations of the following sounds $\gamma/g \approx w/j$.

Тарихи және лингвистикалық әдебиеттерде қазақ этносы да, оның тілі де негізінен ХІҮ-ХҮ ғасырларда қалыптасқаны жайлы айтылатыны белгілі және бұл тікелей Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырылады. Этникалық топтардың және олар мекендеген аумақтардың мемлекеттік тұрғыдан ресми түрде біріктірілуі қазақ халқының дербес этнос ретінде нығаюына, тілінің тұрақты қалыпқа түсіп жүйеленуіне игі ықпал еткені даусыз. Жүз жыл ішінде жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Бұл қазақ тілінің тарихына, даму жолына қатысты шешімі табылмаған өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

ҮІ-ІХ ғасыр мұралары - Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тіліндегі бір буынды сөздердің бірі бөлігінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен мағыналық-тұлғалық жағынан толық сәйкес келуі, келесі бөлігінің тұлғалық өзгерістерімен ортақ мазмұнды сақтай отырып қолданылуы көнетүркі тайпалары мен қазақ халқының тарихи-лингвистикалық сабақтастығы берік сақталғанын сипаттайды.

Мақалада қазақ тілін балаң тілдер қатарына жатқызудың негізгі критерийі $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктері мен $\gamma/g \rightarrow \emptyset$ редуциясының қазақ тілін толық қамтымауы; жалпытүркілік сөздер құрамындағы γ, g дыбыстарының нөлдік деңгейге дейін редуцияланбай, w, j дыбыстарына да өзгермей, γ, g -нің архиформасы саналатын q, k дыбыстарымен қалыптасуы; $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестігіне ұшыраған гомогенді параллельдердің q/k тұлғалы «көне» нұсқасы мен w, j тұлғалы «жаңа» нұсқасының қатар қолданыста болуы; кей жағдайда дисиллабтар мен полисиллабтар құрамында инлаут γ/g -нің ұяндығын сақтап қалуы; $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктерінің қыпшақ тобындағы тілдерден басқа оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерден де көрініс беруі; $\gamma/g \rightarrow \emptyset$ элизиясының ең көне әрі ең жаңа тілдерге жататын тілдер бұлғар тобындағы чуваш, ұйғыр-оғыз тілдеріне енетін якут тілдерін де кездесуі түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясы бойынша қазақ тілінің ең жаңа тілдер қатарына жатқызылуына қайшы келетіні дәйектеледі.

Қазақ тілінде көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепіл бола алмайды, керісінше оның көне белгіні сақтай отырып, жаңа сипат алған тіл екенін көрсетеді.